Ресми рецензент А.Н.Жорабекованың 6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілдері мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Байгулина Элмедира Аркабаевнаның «Кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына жазбаша пікір

No п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін астын сызу	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніндегі жағдайы бойынша) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік 2. Ғылым үшін маңыздылығы бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі) 2) Диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытын көрсету қажет)	Э.А.Байгулинаның диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында белгіленген білім беру жүйесін жетілдіру, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті және бірнеше тілді меңгерген мамандар даярлау басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарымен және жоғары білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттармен сабақтастықта орындалған. Зерттеу мазмұны тілдік емес жоғары оқу орындарында студенттердің шеттілдік коммуникативтік даярлығын жетілдіруге, кәсіби қызметте шетел тілін тиімді қолдануға қабілетті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарына сәйкес келеді және жоғары білім беру жүйесінде кәсіби әрі тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін шешуге үлес қосады.

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі улес қосады қоспайды, ал оның маңыздылығы жеткілікті ашылған/ашылмаған.	Э.А. Байгулинаның диссертациялық зерттеуі шеттілдік білім беру жүйесін дамытуға, атап айтқанда тілдік емес жоғары оқу орындарында болашақ биологтарды даярлау теориясы мен әдістемесіне елеулі ғылыми үлес қосады және оның маңыздылығы диссертациялық жұмыста толық көлемде ашылған. Ізденушінің ғылыми зерттеуінің ерекшелігі кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін кешенді түрде қарастыруымен, «болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылауымен, оның құрылымын (лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктер) жүйелеуімен, сондай-ақ оны қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жүзеге асыру жолдарын ұсынуымен сипатталады. Зерттеу барысында кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі даярланып, оның мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктардан тұратын құрылымы ғылыми тұрғыдан негізделген. Модельдің мазмұны, компоненттері мен оларды жүзеге асыру тетіктері нақты айқындалып, оны іске асырудың лингводидактикалық шарттары (CLIL, Task-Based Learning, Problem/Project-Based Learning әдістері мен АКТ, цифрлық ресурстарды біріктіру) белгіленген. Сонымен қатар, аталған модельді практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға бағытталған кезеңдік әдістеме (танымдық-бейімделу, операциялық-модельдеу, функционалдық-қолданбалы кезеңдер), «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені, арнайы жаттығулар жүйесі және авторлық оқу құралы даярланып, білім беру үдерісіне енгізілген. Зерттеудің өзектілігі, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы диссертациялық жұмыста нақты ашылып, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті базасында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері мен математикалық-статистикалық талдаулар арқылы дәйекті түрде дәлелденген. Жұмыс шетел тілін оқыту әдістемесі ғылымының теориясы мен практикасын айтарлықтай байыта түседі.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1. жоғары; 2. орта;	Э.А. Байгулинаның диссертациялық зерттеуінің ғылыми дербестік деңгейі жоғары. Ізденуші зерттеу жұмысын орындау барысында ғылыми ізденісті өз бетінше жүргізе алатынын, зерттеу мәселелерін (тілдік емес ЖОО-да болашақ биологтардың

		3. төмен; 4. өзі жазбаған	шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру) терең талдап, оларды дербес шешуге қабілетті екенін көрсетті. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асырып, зерттеу логикасын дұрыс құра білген, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеп, нақты қорытындылар жасаған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны автордың ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігінің жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді. Зерттеу барысында теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік нәтижелер өзара сабақтастықта қарастырылып, ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен (Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті базасында) расталған. Сонымен қатар, ізденуші зерттеудің қолданбалы аспектілерін жоғары деңгейде меңгергенін көрсетіп («Коммуникативтік практикум» элективті курсы, оқу құралы, жаттығулар жүйесі), алынған нәтижелерді білім беру практикасына енгізудің нақты жолдарын ұсынған. Бұл диссертациялық жұмыстың мазмұны мен қол жеткізілген нәтижелерінен айқын көрініс табады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1. негізделген; 2 ішінара негізделген; 3. негізделмеген	Э.А. Байгулинаның диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты негізделген. Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуі, шеттілдік білім беру сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін жетілдіру мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу уақыт талабынан туындаған өзекті ғылыми-педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысының өзектілігін қазіргі шеттілдік білім беруді дамытудың басым бағыттарымен, білім беру жүйесін жаңғырту үдерістерімен, мәдениетаралық коммуникация талаптарымен және болашақ маман кадрлардың кәсіби даярлығына қойылатын заманауи талаптармен сабақтастықта қарастырған. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбының өзектілігі теория мен практикада қалыптасқан педагогикалық қарама-қайшылықтарды ғылыми тұрғыдан талдау арқылы дәйектеліп, зерттеу мәселесінің ғылыми және практикалық маңыздылығы нақты көрсетілген.
		4.2 Диссертацияның мазмұны | диссертация тақырыбын айқындайды: 1.	Э.А. Байгулинаның диссертациялық жұмысының мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның мәнін жан-жақты ашып көрсетеді.

		айқындайды; 2. ішінара айқындайды; 3. айқындалмайды.	Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, ғылыми болжамы, әдіснамалық және теориялық негіздері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар мен нәтижелердің сынақтан өтуі туралы мәліметтер берілген. Бірінші тарауда кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері қарастырылып, шеттілдік білім берудің даму үдерістері, аталған құзыреттіліктің мәні, мазмұны, құрылымы (лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктер) және оның кәсіби даярлықтағы рөлі айқындалған. Сонымен қатар, CLIL, TBL, PBL және жобалау технологияларын қолданудың теориялық-педагогикалық мүмкіндіктері негізделген. Екінші тарауда зерттеудің әдістемелік жүйесі ұсынылып, шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі даярланған. Сондай-ақ кәсіби контекст мазмұны мен аспектілері жүйеленіп, арнайы жаттығулар кешені, кезеңдік оқыту әдістемесі және биологиялық терминология мен ұғымдардың мазмұны ұсынылған. Үшінші тарауда ұсынылған әдістеме мен модельдің тиімділігін тексеруге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері баяндалған. Эксперимент барысында алынған деректерге сандық және сапалық талдау жасалып, болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған лингводидактикалық жүйенің тиімділігі статистикалық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны теориялық қағидаларды практикалық шешімдермен және олардың нәтижелерін бағалаумен өзара сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертацияның құрылымы мен мазмұны ұсынылған зерттеу тақырыбын толық әрі жүйелі түрде ашып, оның зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келетінін дәлелдейді.
		4.3 Мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1. сәйкес	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты — кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың

		келеді 2. ішінара сәйкес келеді; 3. сәйкес келмейд	теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, оның құрылымы мен мазмұнын ғылыми тұрғыдан негіздеу, тиімді қалыптастыру моделін, лингводидактикалық шарттары мен әдістемесін даярлау және олардың нәтижелілігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру ретінде нақты ғылыми тұрғыдан негізделген. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ізденуші бірқатар өзара сабақтас міндеттерді анықтаған. Атап айтқанда, зерттеуде «болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі» ұғымының мәні мен мазмұны, құрылымы нақтыланып, оны қалыптастыру үдерісінің ерекшеліктері айқындалған; кәсіби бағытталған оқыту жағдайында аталған құзыреттілікті қалыптастыру моделі жасалып, оның лингводидактикалық шарттары белгіленген; пәнаралық байланыстарға негізделген «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені мен авторлық оқу құралы даярланған; шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында кезең-кезеңімен дәлелденген. Зерттеу болжамы зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау логикасымен толық үйлеседі және диссертациялық жұмыстың тұжырымдамалық негізін құрайды. Зерттеу мақсаты, міндеттері мен болжамының өзара байланыста құрылуы ғылыми ізденістің жүйелі түрде ұйымдастырылғанын көрсетеді және зерттеу мазмұнының ішкі бірізділігі мен логикалық тұтастығын толық дәлелдейді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1. толық өзара байланысты; 2. өзара байланыс ішінара; 3. өзара байланыс жоқ	Диссертацияның бөлімдері мазмұндық-құрылымдық тұрғыдан өзара сабақтастықта әрі логикалық бірізділікпен құрылған. Зерттеу жұмысының кіріспе, теориялық және тәжірибелік-эксперименттік бөлімдері зерттеу мақсаты мен міндеттерін толық ашуға бағытталған. Диссертацияның әрбір тарауы өзара тығыз байланыста болып, зерттеудің жалпы тұжырымдамасын дәйекті түрде дамытуға қызмет етеді. Теориялық бөлімде ұсынылған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, алынған нәтижелер мен қорытындылар бірін-бірі толықтырады. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты ашып, оның ғылыми негізділігі мен логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелденген және	Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, сондай-ақ нормативтік-құқықтық құжаттарға жан-жақты сыни талдау жүргізген. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен

		белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: сыни талдау бар; 1. талдау шинара; 2. талдау автордың өз ойлары емес, басқа авторлардың дәйексөздерінен тұрады; 3. талдау жоқ	шешімдер теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген. Зерттеу барысында кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған мазмұндық-құрылымдық модель, кезеңдік оқыту әдістемесі, CLIL және жобалау технологияларына негізделген жаттығулар жүйесі, сондай-ақ пәнаралық байланыс аясында ұсынылған арнайы терминдер мен ұғымдар жүйесі даярланған. Ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдер қазіргі шеттілдік білім берудің талаптарына сәйкес келіп, оқытудың заманауи мүмкіндіктерін тиімді пайдаланумен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, ұсынылған модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігі сандық және сапалық көрсеткіштер арқылы расталған.
	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңашылдығы: 1. толығымен жаңа; 2. жартылай жаңа (25-75%); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 3. жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері мен негізгі тұжырымдары жаңашылдығымен ерекшеленеді. Диссертант кәсіби бағытталған оқыту жағдайындағы болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылап, оның құрылымын құрайтын субқұзыреттіліктерді (лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби) және қалыптасу критерийлерін жүйелеген. Зерттеу барысында шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі даярланып, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттары айқындалған. Сонымен қатар, кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде пәнаралық байланыс пен кәсіби контекст мазмұны мен оның аспектілері теориялық тұрғыдан негізделген. Диссертант CLIL, TBL және жобалау технологияларына негізделген жаттығулар жүйесін, кезеңдік оқыту әдістемесін және арнайы терминдер мен ұғымдардың мазмұнын даярланған. Ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен дәлелденген, бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын айқындайды. Зерттеудің назар аударарлық нәтижелерінің бірі – болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасуын бағалауға арналған диагностикалық және мониторингтік жүйенің ұсынылуы. Диссертацияда бастапқы диагностика, ағымдық және аралық мониторинг, жобалық кешенді бақылау кезеңдері қарастырылып, оларды жүзеге асыруға арналған тесттер, жазбаша және ауызша

			тапсырмалар, презентациялар мен зерттеу жобалары сияқты бағалау құралдары сипатталған. Бұл жүйе білім алушылардың тілдік және пәндік-кәсіби даярлығының даму динамикасын бақылауға, оқу жетістіктерін бағалауға және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.
		5.2 Диссертация қорытындылары жаңа ма? 1. толық жаңа; 2.бөліктік жаңа (жаңа 25-75%); 3.жаңалығы жоқ (жаңа 25%-дан аз).	Диссертацияның қорытындылары зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес тұжырымдалған және жұмыстың негізгі нәтижелерін жинақтайды. Қорытындыларда болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің мәні мен құрылымын нақтылау, оны қалыптастыру моделін әзірлеу, лингводидактикалық шарттарын айқындау, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін дайындау және ұсынылған әдістеменің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру нәтижелері өзара сабақтастықта берілген. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация қорытындылары зерттеу барысында алынған нәтижелерді жинақтап, қойылған міндеттердің орындалғанын негіздейді.
		5.3Техникалық, технологиялық және басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдер зерттеу тақырыбының ерекшелігіне сәйкес әзірленіп, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негізделген. Атап айтқанда, болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған мазмұндық-құрылымдық модель, лингводидактикалық шарттар, кезеңдік оқыту әдістемесі және оқу-әдістемелік материалдар өзара біртұтас жүйе ретінде ұсынылған. Олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері арқылы тексерілген.
6	Негізгі қорытындылардың ғылыми дәлелділігі	Барлық табылады) негізгі қорытындылар ғылыми дәлелдерге негізделген негізделмеген немесе жеткілікті дәрежеде негізделген (qualitative research үшін және өнер мен гуманитарлық ғылымдарды дайындау бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен қорытындылары ауқымды теориялық және тәжірибелік дәлелдер негізінде ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде негізделген. Ұсынылған қорытындылар әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді жүйелі талдау нәтижесінде тұжырымдалып, ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

7	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар	Әрбір тұжырым бойынша жеке-жеке келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1. дәлелденген; 2. негізінен дәлелденген; 3. негізінен дәлелденбеген; 4. қазіргі дәлелденбеген; 5. тұжырымда дәлелділікті тексеру мүмкін емес.	**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар** **1-тұжырым:** Тілдік емес жоғары оқу орны студенттерінің шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі кәсіби бағытталған оқыту аясында пәнаралық байланысты пайдалану негізінде қалыптасады және олардың кәсіби іс-әрекет саласында коммуникативті міндеттерді шешудегі, ақпаратты іздестіріп талдаудағы, сондай-ақ өзі таңдаған мамандығы бойынша шетел тіліндегі ғылыми әдебиет-құжаттармен жұмыс жасаудағы қабілеттілігі мен даярлығы ретінде қарастырылады. Болашақ биологтардың кәсіби бағытталған оқытудағы шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің құрылымы лингвистикалық (тілдік, сөздік), прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктер тобынан тұрады. • **7.1 Тұжырым дәлелденген бе?** Дәлелденген. (Тұжырым жаратылыстану-ғылыми, лингводидактикалық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау нәтижелерімен, сондай-ақ тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында алынған деректермен жан-жақты негізделген). • **7.2 Тұжырым тривиалды ма?** Жоқ. (Себебі зерттеуде болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің мәні мен мазмұны нақтыланып, оның құрылымын құрайтын лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктер кешенді түрде жүйеленген). • **7.3 Тұжырым жаңа ма?** Иә. (Оның жаңалығы болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі ұғымының мәнін, мазмұны мен құрылымын биология мамандығының ерекшеліктеріне сай ғылыми тұрғыдан нақтылауымен сипатталады). • **7.4 Қолдану деңгейі:** Кең. (Тұжырымның нәтижелерін жоғары оқу орындарында тілдік емес мамандықтар (атап айтқанда, биология және жаратылыстану бағыттары) бойынша студенттерді даярлау үдерісінде, білім беру бағдарламаларын жетілдіруде және шеттілдік білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерде қолдануға болады). • **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** Иә. (Тұжырымның негізгі нәтижелері Scopus дерекқорына енгізілген *Jurnal Pendidikan IPA Indonesia* (2025) журналында, «Абылай хан атындағы

			ҚазХҚжәнеӘТУнің Хабаршы журналында» (2023, ККСОН) журналында және РИНЦ базасындағы «Наука и жизнь» (2019) халықаралық журналында жарияланып, ғылыми талқылаудан өткен). **2-тұжырым:** Кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру моделі блоктардың тұтастығы мен өзара байланысын көрсетеді: мақсаттық блок (мақсат, міндеттер), тұжырымдамалық блок (тәсілдер, принциптер), мазмұндық-іс-әрекеттік блок (субқұзыреттіліктер, кезеңдер, КБО әдістері, құралдар, технологиялар, «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені), бағалау-нәтижелік блок (критерийлер, деңгейлер) және алға қойылған мақсат пен міндеттер шешімінің кешенді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. • **7.1 Тұжырым дәлелденген бе?** Дәлелденген. (Тұжырым зерттеудің теориялық қағидаларымен және автор даярланған мазмұндық-құрылымдық модельдің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы тексеріліп дәлелденген). • **7.2 Тұжырым тривиалды ма?** Жоқ. (Себебі зерттеуде метакоммуникативтік емес, дәл биология мамандығына арналған шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың көпкомпонентті моделі мен оны жүзеге асыру жолдары алғаш рет біртұтас жүйе ретінде ұсынылған). • **7.3 Тұжырым жаңа ма?** Иә. (Оның жаңалығы мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктардан тұратын кәсіби бағытталған оқыту моделін даярлауымен және оны ғылыми тұрғыдан негіздеуімен сипатталады). • **7.4 Қолдану деңгейі:** Кең. (Ұсынылған модель жоғары оқу орындарында жаратылыстану бағытындағы кадрларды даярлауда, білім беру бағдарламаларын жобалауда және оқу-әдістемелік жұмыстарда кеңінен қолданылуы мүмкін). • **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **Иә**. (Тұжырымның негізгі нәтижелері Scopus дерекқорына енгізілген *Jurnal Pendidikan IPA Indonesia* (2025) журналында және «Вестник Академии

			Педагогических Наук Казахстана» (2020, ККСОН) журналында жарияланып, ғылыми талқылаудан өткен). **3-тұжырым:** Кәсіби бағытталған оқыту барысында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігі лингводидактикалық шарттар жиынтығымен («Биология» білім беру бағдарламасы мен біліктілік талаптарына сәйкес шетел тілін оқыту мазмұнын іріктеу және құрылымдау; CLIL элементтері, Task-Based Learning (TBL), Problem/Project-Based Learning (PBL) әдістері мен АКТ, цифрлық білім беру ресурстарын жүйелі қолдану; диагностикалық құралдар жүйесін даярлау және қолдану) анықталады. • **7.1 Тұжырым дәлелденген бе?** Дәлелденген. (Тұжырым теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында лингводидактикалық шарттардың тиімділігі жан-жақты тексерілді). • **7.2 Тұжырым тривиалды ма?** Жоқ. (Себебі зерттеуде биология мамандығы студенттерінің кәсіби тілдік дайындығын арттыруға бағытталған арнайы лингводидактикалық шарттар кешені айқындалып, олардың өзара байланысы теориялық тұрғыдан дәйектелген). • **7.3 Тұжырым жаңа ма?** Иә. (Оның жаңалығы болашақ биологтардың кәсіби бағытталған оқыту барысында шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыздандыратын лингводидактикалық шарттарды ғылыми тұрғыда негіздеуімен сипатталады). • **7.4 Қолдану деңгейі:** Кең. (Тұжырым нәтижелерін тілдік емес жоғары оқу орындарының жаратылыстану мамандықтарында оқу үдерісін ұйымдастыруда және әдістемелік жүйелерді жетілдіруде пайдалануға болады). • **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **Иә**. (Тұжырымның негізгі нәтижелері «Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУнің Хабаршы» (2025, ККСОН) журналында, РИНЦ базасындағы *Znanstvena misel journal* (Словения, 2020) халықаралық журналында және халықаралық ғылыми конференция материалдарында (Ташкент, 2019) жарияланып, ғылыми талқылаудан өткен). **4-тұжырым:**

			«Коммуникативтік практикум» элективті курсы бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешен (оқу бағдарламасы, силлабус, әдістемелік нұсқаулар, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі, глоссарий) және бағдарламаға негізделген авторлық оқу құралы болашақ биологтардың кәсіби бағытталған оқыту үдерісінде шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін жүйелі бірізділікте қалыптастыруға ықпал етеді. • **7.1 Тұжырым дәлелденген бе?** Дәлелденген. (Тұжырым «Коммуникативтік практикум» элективті курсы мен авторлық оқу құралын оқу үдерісіне енгізу нәтижелерімен және эксперименттік деректермен толық негізделген). • **7.2 Тұжырым тривиалды ма?** Жоқ. (Себебі зерттеу барысында биология мамандығына арнайы бейімделген элективті курс мазмұны, пәндік-мәтіндік оқу бірліктері (ПМОБ) мен арнайы жаттығулар жүйесі тұтас кешен түрінде алғаш рет жасалды). • **7.3 Тұжырым жаңа ма?** Иә. (Оның жаңалығы пәнаралық байланыстарға негізделген «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешенін және авторлық оқу құралын даярлауымен сипатталады). • **7.4 Қолдану деңгейі:** Кең. (Даярланған оқу-әдістемелік кешен мен оқу құралын жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда, арнайы курстар мен оқу-әдістемелік кешендерді құрастыруда тікелей қолдануға болады). • **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **Иә**. (Тұжырымның негізгі нәтижелері автордың «Communicative practical training for students of specialty “biology”» (2024) оқу құралында және РИНЦ базасындағы «Наука и жизнь» (2020) халықаралық журналында жарияланып, ғылыми талқылаудан өткен). **5-тұжырым:** Кәсіби бағытталған оқыту үдерісінде болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында кезең-кезеңімен (танымдық-бейімделу кезеңі, операциялық-модельдеу кезеңі, функционалдық-қолданбалы кезең) жүргізілген жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденеді. • **7.1 Тұжырым дәлелденген бе?**

			Дәлелденген. (Тұжырым тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен, білім алушылардың лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейлерін диагностикалау барысында алынған сандық және сапалық көрсеткіштермен, математикалық-статистикалық өңдеу деректерімен толық расталған). • **7.2 Тұжырым тривиалды ма?** Жоқ. (Себебі зерттеуде болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігі арнайы ұйымдастырылған көпжылдық эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәлелденген). • **7.3 Тұжырым жаңа ма?** Иә. (Оның жаңалығы әдістеменің тиімділігін тәжірибелі-эксперимент нәтижелері (анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері) арқылы дәлелдеуімен және оң динамикалық көрсеткіштерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуімен сипатталады). • **7.4 Қолдану деңгейі:** Кең. (Зерттеу нәтижелері мен әдістемелік ұсынымдарды жоғары оқу орындарында жаратылыстану бағытындағы мамандарды даярлау үдерісінде, шеттілдік білім беру бағдарламаларын жетілдіруде кеңінен пайдалануға болады). • **7.5 Мақалада дәлелденген бе?** **Иә**. (Тұжырымның негізгі нәтижелері Scopus дерекқорына енгізілген *Jurnal Pendidikan IPA Indonesia* (2025) журналында, сондай-ақ республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында (ҚазНУ, 2018; республикалық конференция, 2023) жарияланып, ғылыми талқылаудан өткен).
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен берілген ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама жеткілікті түрде сипатталған: 1. иә; 2. жоқ.	Зерттеу әдіснамасының таңдалуы ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген және диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімі мен тиісті тарауларында толық сипатталған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес өзара сабақтас теориялық, эмпирикалық және математикалық-статистикалық әдістер кешені қолданылған. Атап айтқанда, отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық, лингводидактикалық әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, сондай-ақ педагогикалық бақылау, сауалнама, тестілеу, диагностикалық жұмыстар мен тәжірибелік-эксперименттік зерттеу әдістері пайдаланылған. Диссертациялық зерттеу барысында ізденуші кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ

			биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру моделін даярлап, CLIL элементтерін, Task-Based Learning (TBL), Problem/Project-Based Learning (PBL) әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізген. Зерттеу барысында алынған деректер сандық және сапалық тұрғыдан өңделіп, салыстырмалы талдау мен математикалық-статистикалық әдістер арқылы қорытындыланған. Пайдаланылған әдістер мен құралдар кешені қойылған зерттеу мақсатына қол жеткізуге, алынған нәтижелердің ғылыми тұрғыдан сенімділігі мен негізділігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. Жалпы алғанда, таңдалған зерттеу әдіснамасы қазіргі шеттілдік білім беру парадигмасы мен мемлекеттік стандарттардың талаптарына толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалану арқылы алынған: 1. иә; 2. жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи теориялық, эмпирикалық және математикалық-статистикалық әдістерін кешенді қолдану негізінде алынған. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық құжаттарға ғылыми-теориялық талдау жүргізу, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, сауалнама жүргізу, сұхбаттасу, тестілеу, бақылау және педагогикалық эксперимент әдістері пайдаланылған. Алынған нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау барысында сапалық және сандық талдау, салыстырмалы талдау және математикалық-статистикалық өңдеу әдістері қолданылған. Қолданылған зерттеу әдістері мен деректерді талдау тәсілдері алынған нәтижелердің ғылыми тұрғыдан жоғары сенімділігі мен негізділігін толық қамтамасыз етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар, ғылыми тұжырымдар, мазмұндық-құрылымдық модель және оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттары тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, өз дәлелін тапқан. Зерттеу барысында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған кезеңдік оқыту әдістемесі, кәсіби бағытталған оқыту әдістері (CLIL, TBL, PBL) мен цифрлық ресурстар оқу үдерісіне енгізіліп, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы бағаланған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдерінде жүргізіліп, білім алушылардың лингвистикалық, прагматикалық және

		бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1. иә; 2. жоқ.	пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейлері диагностикаланған. Эксперимент барысында алынған нәтижелер сапалық және сандық тұрғыдан өңделіп, математикалық-статистикалық әдістер негізінде салыстырмалы талдау жасалған. Атап айтқанда, эксперимент нәтижелерінің статистикалық мәнділігін анықтау мақсатында Пирсонның χ^2 критерийі қолданылған. Есептеу нәтижесінде эмпирикалық мәннің (χ^2эмп = 26,81) критикалық мәннен (χ^2кр = 5,99) жоғары болуы эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнді екенін көрсеткен. Бұл нәтиже ұсынылған әдістеменің тиімділігін статистикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Жалпы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері білім алушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштерінде оң динамиканың байқалғанын көрсетеді және зерттеу болжамының дұрыстығын қолдайды. Алынған нәтижелер ұсынылған әдістеменің тиімділігі мен практикалық маңыздылығын негіздейді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған, расталмаған.	Диссертацияда берілген маңызды тұжырымдар өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы толық негізделген. Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғалымдардың шеттілдік білім беру, мәдениетаралық коммуникация, когнитивтік лингводидактика, құзыреттілік тәсілі және кәсіби бағытталған оқыту (ESP, CLIL) салаларындағы іргелі және заманауи еңбектері кеңінен пайдаланылған. Пайдаланылған дереккөздер қатарында классикалық зерттеулермен қатар соңғы жылдары жарияланған халықаралық және отандық ғылыми еңбектердің қамтылуы жұмыстың жан-жақты жүргізілгенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан дәйектелуімен, кешенді зерттеу әдістерін қолданумен, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ұсынылған әдістеменің тиімділігінің дәлелденуімен және зерттеу болжамының толық расталуымен қамтамасыз етілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз:	Диссертациялық зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер қоры әдеби шолу жүргізу үшін толықтай жеткілікті, зерттеу тақырыбына сәйкес келетін 174 ғылыми дереккөзді қамтиды, бұл зерттеу мәселесін жан-жақты қарастыруға және оның теориялық-әдіснамалық негіздерін толық ашуға мүмкіндік берген. Зерттеудің теориялық негізін шеттілдік білім беру теориясы мен әдістемесі саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың (С.С. Құнанбаева, Е.И. Пассов, Р.П. Мильруд,

			А.Т. Чакликова, Б.А. Жетписбаева, С.А. Ұзақбаева, П.К.Елубаева және т.б.) іргелі еңбектері құрайды. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері кеңінен қамтылып, зерттеу тақырыбына қатысты сенімді әрі өзекті дереккөздер пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер қатарында классикалық ғылыми еңбектермен бірге соңғы жылдары жарияланған заманауи зерттеулердің болуы зерттеу жұмысының жан-жақты әрі жүйелі жүргізілгенін көрсетеді. Жалпы алғанда, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер қоры сапалы әдеби шолу жасауға жеткілікті, мазмұндық тұрғыдан негізді және зерттеу тақырыбының теориялық әрі әдіснамалық негіздерін толық ашуға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1. иә; 2. жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу барысында кәсіби бағытталған оқыту жағдайындағы болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, оның лингвистикалық (тілдік), прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымы ғылыми тұрғыдан жүйеленген. Сонымен қатар, аталған құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі даярланып, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттары айқындалған. Зерттеуде ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен теориялық ережелер шеттілдік білім беру теориясын, кәсіби-бағдарланған оқыту әдістемесін және шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми негіздерін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы педагогика ғылымы мен шеттілдік білім беру әдістемесінің теориялық негіздерін толықтыруға қосылған маңызды ғылыми үлес болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1. иә; 2. жоқ.	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу барысында кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі мен кезеңдік әдістеме даярланған. Жаттығулар жүйесі мен ұсынылған әдістеме танымдық-бейімделу, операциялық-модельдеу және функционалдық-қолданбалы кезеңдер арқылы жүзеге асырылып, білім алушылардың лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік берген. Зерттеу аясында «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені (бағдарлама, силлабус, әдістемелік нұсқаулар, жаттығулар мен

			тапсырмалар жүйесі, глоссарий) және бағдарламаға негізделген авторлық оқу құралы даярланған. Даярланған оқу-әдістемелік кешен мен авторлық оқу құралының практикалық құндылығы олардың болашақ биологтардың кәсіби жағдаяттарда шетел тілін қолдануына, пәндік мазмұндағы мәтіндермен жұмыс істеуіне және кәсіби коммуникация дағдыларын дамытуына бағытталуымен сипатталады. Практикалық маңызы бар нәтижелердің қатарына биология мамандығының ерекшеліктеріне бейімделген пәндік-мәтіндік оқу бірліктері мен кәсіби мазмұндағы жаттығулар жүйесін даярлау де жатады. Бұл материалдар студенттердің кәсіби терминологияны меңгеруіне, биология саласындағы мәтіндермен жұмыс істеуіне және ғылыми-кәсіби жағдаяттарда шетел тілін қолдану дағдыларын дамытуына бағытталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1. толығымен жаңа; 2. жартылай жаңа (жаңа 25-75%); 3. Жаңа емес (жаңа 25%-дан аз).	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы жоғары әрі жаңашыл сипатқа ие. Зерттеу барысында кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі даярланған. Модель мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктарды қамтып, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттарымен толықтырылған. Зерттеуде кәсіби бағытталған оқыту әдістері (CLIL, TBL, PBL) мен цифрлық ресурстар ғылыми тұрғыдан негізделіп, олардың негізінде арнайы тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі даярланған. Сонымен қатар, «Коммуникативтік практикум» пәні аясында шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың кезеңдік әдістемесі (танымдық-бейімделу, операциялық-модельдеу, функционалдық-қолданбалы кезеңдер) ұсынылған. Ұсынылған практикалық шешімдерді жоғары оқу орындарында жаратылыстану бағытындағы мамандықтар бойынша кадрларды даярлау үдерісінде, кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқытуда және оқу-әдістемелік кешендерді даярлауда пайдалануға болады. Сондықтан диссертацияның практикалық ұсыныстары жоғары жаңашылдығымен, әдістемелік негізділігімен және қолданбалы құндылығымен ерекшеленеді.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1. жоғары; 2. орташа;	Диссертация мәтінінің академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу жұмысы ғылыми баяндау логикасының жүйелілігімен, тұжырымдардың нақтылығымен, дәлелдердің дәйектілігімен және ғылыми терминологияның орынды қолданылуымен ерекшеленеді. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны академиялық жазу талаптарына толық сәйкес келеді,

		3. орташадан төмен; 4. төмен	ғылыми стиль бірізді сақталған. Жұмыс сауатты жазылған, мазмұны ғылыми тұрғыдан негізделген және зерттеу мәселесін жан-жақты ашатын нақты материалдарға бай. Жалпы алғанда, диссертацияның тілі мен баяндау мәдениеті ғылыми жұмыстарға қойылатын заманауи талаптарға толық жауап береді.
11	Диссертациялық жұмысқа қойылатын ескертулер		Диссертациялық жұмысқа берілген ескертулер мен ұсыныстарды пысықтап, сапасын арттыру мақсатында төмендегідей жұмыстарды жүзеге асыру қажет: 1. Диссертацияда ұсынылған авторлық оқу курсы мен глоссарийдің практикалық маңыздылығын, сондай-ақ қолданбалы құндылығын арттыру мақсатында оны мобильді қосымша, цифрлық сөздік немесе веб-ресурс түрінде электрондық форматта даярлау мүмкіндіктерін қарастырып, оқу үдерісіне енгізу. 2. Мәтін ішінде ішінара кездесетін отандық және шетелдік авторлардың аты-жөнін беру формасын (инициалдары мен толық жазылуын) бірыңғай академиялық стандарт талабына ыңғайлау. 3. Диссертация мәтінінде ішінара кездесетін стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық олқылықтарды, сөйлем құрылымындағы айтылатын ойдың жүйелі бірізділікте берілуін ескеру. Терминдердің орынды қолданылуына назар аудару. 4. Диссертацияның жекелеген бөлімдерінде мазмұны жағынан ұқсас ойлардың, тұжырымдар мен анықтамалардың қайталануын болдырмау мақсатында мәтінге редакциялық өңдеу жүргізіп, баяндаудың жинақылығы мен логикалық сабақтастығын қамтамасыздандыру. 5. Алайда, бұл ескерту диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді. 6.
12	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі		Докторанттың диссертациялық зерттеуінің негізгі нәтижелері 11 **ғылыми еңбекте** көрініс тапқан. Оның ішінде: • 1 оқу құралы; • Scopus дерекқорына енгізілген журналда – 1 мақала; • РИНЦ базасына енгізілген журналда – 3 мақала; • ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған 3 мақала; • Халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған 3 мақала бар. Жарияланған еңбектердің мазмұны диссертациялық зерттеудің тақырыбы мен негізгі нәтижелеріне толық сәйкес келеді. Мақалаларда болашақ мамандардың

		кәсіби бағытталған оқыту жағдайындағы шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік мәселелері жан-жақты қарастырылған. Жалпы алғанда, докторанттың жарияланымдарының саны мен сапасы PhD докторы дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал зерттеу нәтижелерінің халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жариялануы диссертациялық жұмыстың жоғары ғылыми маңыздылығын растайды.
13	Қорытынды	Байгулина Эльмедира Аркабаевнаның «Кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертацияда зерттеу мақсаты мен міндеттері бойынша тиісті нәтижелер алынған, ғылыми жаңалығы, теориялық маңызы мен практикалық құндылығы негізделген. Зерттеу нәтижелері болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесін дамытуға үлес қосады. Осыған байланысты Байгулина Эльмедира Аркабаевнаға 8D01719 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, «Ағылшын тілі»
кафедрасының меңгерушісі, PhD, профессор
«__2__» __11_____ 2026 ж.

Жорабекова А.Н.